

## Кәсіптік стандарт: «Аудармашы»

### 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Аудармашы" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді, тұрмыстық және жалпы іскерлік салаларда, арнаулы кәсіптік салаларда, мемлекетаралық қатынастар саласында жазбаша аударманы жүзеге асыруға, тұрмыстық және жалпы іскерлік салаларда және мемлекеттік қатынастар саласында тіларалық ауызша аударманы жүзеге асыруға қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Аударма – әртүрлі тілде сөйлеушілер арасындағы тіларалық, мәдениетаралық қарым-қатынастың бір түрі, оның нәтижесінде түпнұсқа тілдегі мәтін мазмұны аударма тіліне тілдік дәнекерліктің нәтижесі ретінде аударма мәтіні түрінде беріледі; бұл аудармашы жүзеге асыратын қызмет, ол қарым-қатынастың толықтығы, тиімділігі және табиғилығы бойынша жанама екі тілді коммуникацияны қарапайым біртүрлі коммуникацияға жақындату мақсатында бір тілде жасалған мәтінді басқа тілдегі мәтінде вариативті қайта түсіндіру, мәтінді қайта кодтау болып табылады;

2) Аудармашы – аудармамен, яғни белгілі бір тілдегі жазбаша немесе ауызша мәтінге өзге тілде (аударма тілі деп аталатын) балама болатын жазбаша немесе ауызша мәтін құрумен айналысатын маман;

3) Аударма қызметі – аудармашының (фрилансер-аудармашының, аударма бюросының, аударма компаниясының, коммерциялық және мемлекеттік ұйымдар қызметкерінің) қызметі;

4) Біліктілік деңгейі/біліктілігінің деңгейі – орындалатын жұмыстардың күрделілігін, дербестігін және жауапкершілігін көрсететін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттеріне) қойылатын талаптар деңгейі;

5) Біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функциясын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

6) Білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

7) Дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

8) Еңбек функциясы – бизнес үдерісінде анықталып, еңбек қызметінің белгілі бір түрі аясында оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің біріктірілген және салыстырмалы түрдегі дербес жиынтығы; еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

9) Жұмыс тілдері – аудармашының аударма жасайтын тілдері, яғни түпнұсқа тілі мен аударма тілі;

10) Кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын тағайындаулар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

11) Кәсіби кіші топ – еңбек функциялары мен оларды жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттердің тұтас жиынтығынан құрылған бір кәсіптің адамдарының жиынтығы;

12) Кәсіби стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

13) Кәсіп – адамның арнайы дайындығы нәтижесінде алынған және білімі тиісті құжаттармен расталған белгілі бір білім-білікті және практикалық дағдыларды қажет ететін еңбек қызметінің негізгі түрі;

14) Машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

15) Салалық біліктілік шеңбері – кәсіби салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) Сала/негізгі топ – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, қызметкерлердің негізгі қорлары мен кәсіби дағдыларының ортақтығына тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

17) Тілді меңгерудің C1 деңгейі – Тілдік құзыреттіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша әртүрлі тақырыптағы көлемді күрделі мәтіндерді түсіне отырып, оның астарлы, жасырын мағынасын аша білу, ғылыми және кәсіби қызметте тілдесу үшін тілді икемді әрі тиімді пайдалана білу деңгейі;

18) Тілді меңгерудің C2 деңгейі – Тілдік құзыреттіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша ауызша және жазбаша хабарламаны еркін түсіне отырып, жоғары қарқынмен және жоғары нақты дәлдікпен тосыннан сөйлеп, тілді жетік меңгеру деңгейі;

19) Ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БТБА – жұмыстың және жұмысшы мамандардың бірыңғай тарифті-біліктілік анықтамалығы;

2) БА – біліктілік анықтамалығы;

3) КААКҚ – кәсіби аудармашылар мен аударма компанияларының қауымдастығы;

4) ҚР – Қазақстан Республикасы;

5) СБШ – калалық біліктілік шеңбері;

6) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Аудармашы

5. Кәсіптік стандарттың коды: M74300065

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

M Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

74 Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

74.3 Ауызша және жазбаша аударма қызметі

74.30 Ауызша және жазбаша аударма қызметі

74.30.0 Ауызша және жазбаша аударма қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Аудармашы" кәсіптік стандарты ауызша, жазбаша, аудиовизуалды аударма саласында қызмет көрсету арқылы тілралалық, мәдениетаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жалпы талаптарды белгілейді.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Аудармашы (жазбаша) - 4 СБШ-нің деңгейі

2) Ауызша аудармашы - 4 СБШ-нің деңгейі

3) Ауызша аудармашы - 5 СБШ-нің деңгейі

4) Аудармашы (жазбаша) - 5 СБШ-нің деңгейі

5) Аудармашы-дактилолог - 6 СБШ-нің деңгейі

6) Аудиодескриптор - 6 СБШ-нің деңгейі

7) Ауызша аудармашы - 6 СБШ-нің деңгейі

8) Аудармашы (жазбаша) - 6 СБШ-нің деңгейі

9) Аудармалардың бақылау редакторы - 7 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Аудармашы (жазбаша)»:			
Топтың коды:	2643-2		
Қызмет атауының коды:	2643-2-001		
Кәсіптің атауы:	Аудармашы (жазбаша)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22003 болып тіркелген). 7-параграф. Аудармашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Аударма ісі (түрлері бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етпейді		
Формалды емес және информформалы біліммен байланыс:	Аудармашылардың біліктілігін арттыру курстары		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2642-2-011 - Редактор-аудармашы 2643-2-002 - Техникалық әдебиет аудармашысы 2643-3-001 - Ресми аудармашы 2643-3-003 - Дипломатиялық аудармашы 2642-2-005 - Аудармалардың бақылау редакторы 2643-9-003 - Лингвист		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тілралалық жазбаша аударманы жүзеге асыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тұрмыстық және жалпы іскери салаларда жазбаша аударманы жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1:			

<p>Тұрмыстық және жалпы іскери салаларда жазбаша аударманы жүзеге асыру</p>	<p>Дағды 1: Тұрмыстық салада жазбаша аударманы жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтін тақырыбы мен оған тән терминологияны ұғыну;</li> <li>2. Аударылатын мәтіннің коммуникативтік бағыттылығын анықтау;</li> <li>3. Тұрмыстық салаға (жөндеу, тұрмыстық техника, сатып алу, әлеуметтік қызметтер, тұрғын үй және жалдау, күнделікті қарым-қатынас) жататын тақырыптық лексиканы қолдану;</li> <li>4. Тұрмыстық салаға жататын ауқымды лексикалық қорды (күнделікті лексика, фразеологизмдер, идиомалар) меңгеру;</li> <li>5. Мәтін аудармасын аударылатын тілдің жанрлық-стистикалық нормаларына сәйкес жасау;</li> <li>6. Автоматтандырылған және автоматты аударма элементтерін қолдану;</li> <li>7. Аударма мәтінін аударылатын тілде қабылданған нормаларға және тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес редакциялау;</li> <li>8. Екі тілде де сауатты жазу және сөйлемдердің құрылымын түсіну.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда B2 немесе C1 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Тілдердің мәдени ерекшеліктерін (жүгіну, сыпайылық, күнделікті нормалар);</li> <li>3. Қазақ (орыс) және шет тілдерінің грамматикасы мен стилистикасын;</li> <li>4. Жазбаша мәтінді аударылатын тілде ресімдеу техникасын;</li> <li>5. Қазақ (орыс) және шет тілдеріне аудару тақырыптары бойынша терминологиясын;</li> <li>6. Сөздіктер, терминологиялық стандарттар, жинақтар және анықтамалықтарын;</li> <li>7. Құжаттарды, мысалы түбіртектер, өтініштер, хаттар ресімдеу қағидаларын;</li> <li>8. Еңбек заңнамасын, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібін, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарын.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылады</p>
	<p>Дағды 2: Жалпы іскерлік салада жазбаша аударманы жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аударылатын мәтіннің коммуникативтік бағыттылығын анықтау;</li> <li>2. Ресми және іскерлік стиль нормаларын сақтай отырып, сөздер мен сөз орамдарына нақты баламалар табу;</li> <li>3. Іскерлік қарым-қатынасқа тән күрделі сөз орамдарын түсіндіру;</li> <li>4. Аударманы ресми және іскерлік сала талаптарына сәйкес орындау;</li> <li>5. Мәтінді құжат түріне қарай бейімдеу: іскерлік хаттар, келісім-шарттар, есептер, коммерциялық ұсыныстар, ресми хабарламалар;</li> <li>6. Ресми және іскерлік құжаттамамен жұмыс істеуге арналған компьютерлік бағдарламалар техникасын пайдалану;</li> <li>7. Мәтін стилі мен сарынын (ресми, бейресми, бейтарап) сақтай отырып, оның мағынасын жеткізу;</li> <li>8. Іскерлік хаттар, меморандумдар, шарттар, есептер, ұсыныстардың құрылымы мен форматын түсіну.</li> </ol>

		Білімдер:	
		1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, B2 немесе C1 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін; 2. Іскерлік хаттар, шарттар мен есептерді қоса алғанда заманауи аударма әдістемелерін; 3. Қазақ (орыс) және шет тілдерінің грамматикасы мен стилистикасын; 4. Іскерлік және ресми құжаттаманы аударылатын тілде рәсімдеу техникасын; 5. Жалпы іскерлік сала бойынша қазақ (орыс) және шет тілдеріндегі терминологиясын; 6. Сөздіктер, терминологиялық стандарттар, жинақтар және анықтамалықтарды; 7. Іскерлік стиль, ресми және жартылай ресми лексикасын; 8. Бастапқы тілдің іскерлік қарым-қатынас этикетінің қағидалары мен стандарттарын; 9. Жалпы іскерлік салада кәсіби аударма саласындағы әдеп және құқық нормаларын; 10. Еңбек заңнамасын, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша ішкі еңбек тәртібін, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарын.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	мінез-құлық мәдениеті мен әдеби өз бетінше және топта жұмыс істеу қабілеті жоғары кәсібилік мәдениетаралық және ұлтаралық толеранттылық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Аудармашы (жазбаша)	
	6	Аудармашы (жазбаша)	
	4	Ауызша аудармашы	
	5	Ауызша аудармашы	
	6	Ауызша аудармашы	
	5	Синхрондық аудармашы	
	6	Синхрондық аудармашы	
10. Кәсіптің карточкасы «Ауызша аудармашы »:			
Топтың коды:	2643-3		
Қызмет атауының коды:	2643-3-005		
Кәсіптің атауы:	Ауызша аудармашы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №222003 болып тіркелген). 7-параграф. Аудармашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Аударма ісі (түрлері бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информформалы біліммен байланыс:	Аудармашылардың біліктілігін арттыру курстары		

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2643-3-001 - Ресми аудармашы 2643-3-004 - Синхрондық аудармашы 2643-9-003 - Лингвист 2643-9-006 - Кросс-мәдени коммуникация жөніндегі менеджер 2643-3-002 - Ресми тарату аудармашысы	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тілралалық ауызша аударманы жүзеге асыру	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тұрмыстық және жалпы іскерлік салаларда тіларалық ауызша аударманы жүзеге асыру
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Тұрмыстық және жалпы іскерлік салаларда тіларалық ауызша аударманы жүзеге асыру	Дағды 1: Тұрмыстық салада ауызша тізбектелген аударманы жүзеге асыру	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тұрмыстық қарым-қатынаста пайдаланылатын сөз орамдары мен сөздерге баламалар табу;</li> <li>2. Грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу және күнделікті лексиканы білуді қоса алғанда ауызекі сөйлеудің жақсы деңгейін меңгеру;</li> <li>3. Тараптар арасында тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін анық және жеткілікті дәрежеде жылдам сөйлеу;</li> <li>4. Тұрмыстық саладағы ізбе-із аударма үшін басты ақпаратты анықтау;</li> <li>5. Бастапқы және аударылатын тілдердегі функционалдық сөйлеу стильдерін меңгеру;</li> <li>6. Бір тілден екінші тілге жылдам ауысу;</li> <li>7. Түсіну үшін нақты мағынасын сақтап, бірақ тұжырымдамасын өзгерте отырып, ауызша аударма жасау.</li> </ol>
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, B2 немесе C1 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Тұрмыстық жағдаяттарға (мысалы: тұрғын үй, әлеуметтік қызметтер) қатысты заңнама негіздерін;</li> <li>3. Аудармашылық әдеп негіздерін;</li> <li>4. Сатып алу, көлік, жалдау, медицина, қызмет көрсетуді қоса алғанда тұрмыстық өмірде пайдаланылатын терминдерді.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
	Дағды 2: Жалпы іскерлік салада ауызша дәйекті аударманы жүзеге асыру	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауызша ізбе-із аударма техникасын меңгеру;</li> <li>2. Іскерлік қарым-қатынасқа тән күрделі тілдік құрылымдарды түсіну және пайдалану;</li> <li>3. Дәл аударма үшін ақпаратты қабылдау және талдау;</li> <li>4. Келіссөздер, презентациялар, есептер, шарттарды талқылау және пайдаланылатын терминдерді меңгеру;</li> <li>5. Аударма кезінде жазып алу техникасын меңгеру және қысқартылған сөздерді пайдалану;</li> <li>6. Мәдени және лингвистикалық ерекшеліктерді ескере отырып, аударма жасау;</li> <li>7. Ауызша ізбе-із аударманы қолдауға арналған қосымшалар мен құралдарды пайдалану (сандық сөздіктер, глоссарийлер, терминдердің деректер базасы);</li> <li>8. Іскерлік үдеріске қатысушылармен тығыз өзара қарым-қатынаста жұмыс жасау.</li> </ol>

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, B2 немесе C1 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Аударма мәнмәтінімен байланысты экономика, құқық, қаржы, маркетинг немесе басқа да салалардың негіздерін;</li> <li>3. Аудармашылық әдеп негіздерін;</li> <li>4. Іскерлік құжаттардың (шарттар, келісімдер, хаттамалар) құрылымдары мен мазмұнын.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
<p>Дағды 3: Бейресми мәдениетаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін аударманы жүзеге асыру (сұхбаттың ауызша тізбекті аудармасы)</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бейресми қарым-қатынас табиғилығын сақтай отырып, сөйлеудің эмоциялық бояуы мен стилистикасын жеткізу;</li> <li>2. Бейресми қарым-қатынасқа сай келетін лексикалық және грамматикалық құрылымдарды пайдалану;</li> <li>3. Аудармашылық шапшаң жазу жүйесін пайдалану;</li> <li>4. Сөздердің пиғылы мен астарын қабылдау және дұрыс түсіндіру;</li> <li>5. Өңгімеге қатысушылардың эмоциялары мен көңіл-күйлерін ескеріп, қарым-қатынас стилін бейімдей отырып, ауызша ізбе-із аударма жасау;</li> <li>6. Бір тілден екінші тілге ауысу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, B2 немесе C1 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Бейресми әңгімеде жиі талқыланатын тақырыптарын (мәдениет, хобби, тағам, саяхат, әлеуметтік мәселелер);</li> <li>3. Аудармашылық әдеп негіздерін;</li> <li>4. Қарым-қатынастың екі тарапына да тән мәдени және әлеуметтік нормалар, дәстүрлер және салттарын.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
<p>Дағды 4: Ақпараттық (аналитикалық емес) сипаттағы типтік материалдардың ауызша аудармасын (парақтан аудару) жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтіннің мәнін ықшамдалған және түсінікті нысанда жеткізе отырып, ауызша аударма жасау (дайындықсыз);</li> <li>2. Мәтінді талдау және аудару үшін басты элементтерін айқындау;</li> <li>3. Дайындықсыз аударманың темпоралдық сипаттамаларын сақтау;</li> <li>4. Кәсіби міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты анықтамалық әдебиет, электрондық деректер базасы және ғаламтордағы іздеу жүйелерінен іздеу дағдыларын меңгеру;</li> <li>5. Ақпараттық (талдамалық емес) сипаттағы үлгілік материалдарға ауызша аударма жасау;</li> <li>6. Аударманы ақпараттық (талдамалық емес) сипаттағы үлгілік материалдарға арналған талаптарға сәйкес бейімдеу;</li> <li>7. Күнделікті өмір, мәдениет, оқиғалар, қоғамдық немесе ресми іс-шаралармен байланысты лексиканы қолдану;</li> <li>8. Негізгі ақпаратты айқындап, материалдан хабардар болу.</li> </ol>

		Білімдер:	
		1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда B2 немесе C1 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдері; 2. Мәтін тақырыбына сәйкес нысаналық сала; 3. Ақпараттық мәтіндерге (хабарламалар, хабарландырулар, нұсқаулықтар) тән лексика; 4. Хабарландырулар, нұсқаулықтар, баспасөз хабарламалары, сипаттамалар секілді құжаттардың құрылымдары мен ерекшеліктері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылады	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	өз бетінше және топта жұмыс істеу қабілеті жоғары кәсібилік мәдениетаралық және ұлтаралық толеранттылық мінез-құлық мәдениеті мен әдебі		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Аудармашы (жазбаша)	
	5	Аудармашы (жазбаша)	
	6	Аудармашы (жазбаша)	
	5	Ауызша аудармашы	
	6	Ауызша аудармашы	
	5	Синхрондық аудармашы	
	6	Синхрондық аудармашы	
11. Кәсіптің карточкасы «Ауызша аудармашы»:			
Топтың коды:	2643-3		
Қызмет атауының коды:	2643-3-005		
Кәсіптің атауы:	Ауызша аудармашы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №222003 болып тіркелген). 7-параграф. Аудармашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Аударма ісі (түрлері бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	II санатты аудармашы: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санатсыз аудармашы лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Аудармашылардың біліктілік арттыру курстары		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2643-3-001 - Ресми аудармашы 2643-9-003 - Лингвист 2643-9-006 - Кросс-мәдени коммуникация жөніндегі менеджер 2643-3-004 - Синхрондық аудармашы 2643-3-002 - Ресми тарату аудармашысы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тілралалық ауызша аударманы жүзеге асыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Арнайы кәсіби салаларда тілралалық ауызша аударманы жүзеге асыру	

	Қосымша еңбек функциялары:	1. Кәсіби және іскерлік жағдайларда ауызша синхронды аударманы жүзеге асыру
Еңбек функциясы 1: Арнайы кәсіби салаларда тіларалық ауызша аударманы жүзеге асыру	Дағды 1: Іскерлік келіссөздерді ауызша тізбекті аударманы жүзеге асыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіби міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты алу көздерін пайдалану;</li> <li>2. Аударма жасау кезінде коммуникативтік жағдаяттың сипатын анықтау;</li> <li>3. Аудармашылық шапшаң жазу жүйесін пайдалану;</li> <li>4. Нормативтік және мәнмәтіндік балама сәйкестіктерді айқындау мақсатында тиісті нысаналық салада терминологияға салыстырмалы зерделеу жүргізу;</li> <li>5. Баламалықты сақтай отырып, ауызша ізбе-із аударма дағдыларын қолдану;</li> <li>6. Бір тілден екінші тілге жылдам ауысу.</li> </ol>
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, С1 немесе С2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Аударма теориясы және практикасын;</li> <li>3. Мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасының негіздерін;</li> <li>4. Психолінгвистика негіздерін;</li> <li>5. Аудармашылық шапшаң жазу жүйесін ;</li> <li>6. Лексикалық, терминологиялық және жағдаяттық анықтамалықтар мен сөздіктерді;</li> <li>7. Аудармашының кәсіби әдебін.</li> </ol>
		<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p> <p>ұсынылады</p>
	Дағды 2: Іскерлік келіссөздерді ілеспе аударуды жүзеге асыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ілеспе аударманы орындау үшін қажетті ақпаратты алу көздерін пайдалану;</li> <li>2. Ілеспе аударма жасау кезінде коммуникативтік жағдаяттың сипатын анықтау;</li> <li>3. Нормативтік және мәнмәтіндік балама сәйкестіктерді айқындау мақсатында терминологияны зерделеу;</li> <li>4. Көрнекі және дыбыстық ақпарат көздерін талдау;</li> <li>5. Шектелген уақыт шарттарында прецизионалды ақпарат ұсыну;</li> <li>6. Ілеспе аударманың техникалық тәсілдерін (ықтималдық болжау, мәтінді ықшамдау, өзгертіп айту) меңгеру;</li> <li>7. Бір мезгілде бастапқы мәтінді қабылдау және аударылатын мәтінді қайта жеткізуді меңзейтін ілеспе аударма жасау;</li> <li>8. Басқа тілдерден аудармашыларға пилот-кабинаның (реле) қызметін атқару және пилот-кабинадан дыбысты ала отырып, ілеспе аударма жасау;</li> <li>9. Ілеспе аударманы қамтамасыз ететін техникалық құралдардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру (техникалық персоналмен бірге);</li> <li>10. Ілеспе аударманы қамтамасыз ететін техникалық құралдарды пайдалану.</li> </ol>

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, С1 немесе С2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Аударма теориясы және практикасын;</li> <li>3. Мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасының негіздерін;</li> <li>4. Ілеспе аударманың темпоралдық параметрлерін;</li> <li>5. Ілеспе аударманы ұйымдастыру сызбаларын;</li> <li>6. Ілеспе аударманы қамтамасыз ететін техникалық құралдарды;</li> <li>7. Аудармашының моральдық кодексін;</li> <li>8. Аудармашылық шапшаң жазу жүйесінің негіздерін.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Дағды 3: Ауызша әлеуметтік аударманы жүзеге асыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қажетті ақпарат көздерін пайдалану;</li> <li>2. Коммуникативтік жағдаяттың сипатын анықтау;</li> <li>3. Табысты коммуникацияны қамтамасыз ету тәсілдерін пайдалану;</li> <li>4. Аудармашылық шапшаң жазу жүйесін пайдалану;</li> <li>5. Прецизионалды лексиканы естіп қабылдау және қайта жеткізу;</li> <li>6. Бастапқы тілді естіп қабылдау және түсіну;</li> <li>7. Ауызша ізбе-із аударма жасау;</li> <li>8. Лексикаға сай сөздік және аудармашылық сәйкестіктерді пайдалану.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда С1 немесе С2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдері;</li> <li>2. Аудармашылық шапшаң жазу жүйелерін ұйымдастыру қағидаттары;</li> <li>3. Бастапқы және аударылатын тілдерде сөйлейтін адамдардың коммуникативтік мінез-құлқындағы ұлттық ерекшеліктер;</li> <li>4. Аударма теориясы және практикасы;</li> <li>5. Психология негіздері;</li> <li>6. Мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасы;</li> <li>7. Аудармашының кәсіби әдебі.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Дағды 4: Туристтік экскурсияны басқа тілге аударма жасауды жүзеге асыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы және аударылатын тілдердегі функционалдық сөйлеу стильдерін меңгеру;</li> <li>2. Ауызша ізбе-із аударма жасау негіздерін меңгеру;</li> <li>3. Бір тілден екінші тілге жылдам ауысу;</li> <li>4. Туристтік топты сүйемелдеу кезінде қолданылатын техникалық құрал-жабдықты пайдалану;</li> <li>5. Мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде туындайтын кикілжің жағдаяттарын шешу.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, C1 немесе C2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Ана тілі және шет тілдегі экскурсия бағдарламаларын;</li> <li>3. Бастапқы және аударылатын тілдердің лингвомәдениет ерекшеліктерін;</li> <li>4. Туристік экскурсия тақырыбына сәйкес нысаналық саланы;</li> <li>5. Кәсіби аударма саласындағы әдеп және құқық нормаларын;</li> <li>6. Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтарының болу қағидаларын реттейтін нормативтік құжаттар және шетел азаматтарынан тұратын туристік топтарды сүйемелдеудің құқықтық нормаларын.</li> </ol>
<p>Қосымша еңбек функциясы 1: Кәсіби және іскерлік жағдайларда ауызша синхронды аударманы жүзеге асыру</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі: Дағды 1: Белсенді тыңдау және бір мезгілде сөйлеу әдістерін меңгеру</p>	<p>ұсынылады</p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Талқылаудың басқа бөліктерін, тақырып ерекшелігі мен аудиторияны ескере отырып, мәнмәтінді түсіну және ақпаратты түсіндіру;</li> <li>2. Негізгі ақпаратты жеткізу үшін басты идеяларды анықтау;</li> <li>3. Аударманың дәлдігіне әсер етуі мүмкін сөйлеу ерекшеліктерін ескеру;</li> <li>4. Аударманың дәлдігі мен сәйкестігін қамтамасыз ету;</li> <li>5. Ақпарат ағынын мағынасын жоғалтпай үйлестіру;</li> <li>6. Әріптестермен тиімді өзара қарым-қатынас жасау және қолдау үшін жұппен жұмыс істеу;</li> <li>7. Екі тілдік ағынмен жұмыс істеу үшін бірнеше когнитивті міндетті орындау;</li> <li>8. Бастапқы аударма тілінің жазбаша нысанын меңгеру;</li> <li>9. Аудармаға жеткілікті дейгейде ЖК бағдарламаларын пайдалану;</li> <li>10. Мәтінді өзгертіп айту.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпаратты дәл қабылдау және аударма үшін басты тұстарын таңдау іскерлігіне арналған белсенді тыңдау негіздерін;</li> <li>2. Ауызша аударма негіздерін;</li> <li>3. Қабылдау және аудару үшін когнитивті талпыныстарды қалай барынша азайтуды, мидың ақпаратты қалай өңдейтінін және шектен тыс жүктемені болдырмауды түсіну үшін когнитивті және сөйлеу ілімін;</li> <li>4. Ілеспе аударманың практикалық әдістерін;</li> <li>5. Ілеспе аударма техникасы және құралдарын;</li> <li>6. Басқа аудармашымен жұппен жұмыс істеу тиімділігін.</li> </ol> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>
		<p>ұсынылады</p>

	<p>Дағды 2: Түпнұсқаның дәлдігі мен мағынасын сақтай отырып, ақпаратты қабылдау, талдау және беру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аударылатын мәтіннің басты элементтерін айқындау;</li> <li>2. Аударманы дұрыс жеткізу үшін интонация мен эмоцияны анықтау;</li> <li>3. Терминдер мен сөз орамдарын дұрыс түсіндіру үшін мәнмәтінді түсіну;</li> <li>4. Аударманы жеңіл қабылдау үшін сөйлеуді мағыналық блоктарға бөлу;</li> <li>5. Тиісті лексикалық базаны пайдалану үшін тақырып ерекшелігін ескеру;</li> <li>6. Мағынаны сақтау үшін дұрыс лексика таңдау;</li> <li>7. Мәдени элементтерді аудармада бейімдеу;</li> <li>8. Түпнұсқаның дәлдігі мен мағынасын сақтай отырып, ілеспе аударма жасау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы және аударылатын тілдердің тілдік нормаларын;</li> <li>2. Бейімдеу және дұрыс мағынаны жеткізу үшін мәдени және мәнмәтіндік айырмашылықтарын;</li> <li>3. Кәсіби терминология;</li> <li>4. Ілеспе аударма үдерісі және аударма техникасын;</li> <li>5. Ілеспе аудармаға арналған құрал-жабдықтарды, оларды пайдалану;</li> <li>6. Іскерлік әдеп және қарым-қатынас нормалары.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
	<p>Дағды 3: Минималды кідіріспен нақты уақыттағы синхронды Аударымды жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпаратты қабылдау және жылдам өңдеу;</li> <li>2. Ақпаратты барынша аз кешіктіріп жеткізу;</li> <li>3. Зерде мен фрагментарлық өңдеуді жаттықтыру;</li> <li>4. Қателіктер мен түзетулерді барынша азайту;</li> <li>5. Техникалық құралдармен жұмыс істеу;</li> <li>6. Аударма мәтіндегі негізгі тұстарды айқындау;</li> <li>7. Тілдік қиындықтар және баламалармен жұмыс істеу;</li> <li>8. Шынайы уақытта ілеспе аударма жасау;</li> <li>9. Кәсіби әдепті пайдалану.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ілеспе аударма жасау үшін дұрыс уақыт бөлуді;</li> <li>2. Мәдениетаралық коммуникация және мәдениетаралық айырмашылықтарды;</li> <li>3. Аударма кезінде қателіктер мен кешіктіруді болдырмау үшін мамандандырылған терминологияны;</li> <li>4. Когнитивті үдерістер және зердемен тиімді жұмыс істеу әдістерін;</li> <li>5. Аударма үдерісін қарқындалтуға арналған технология және құрал-жабдықтарды;</li> <li>6. Басты ақпарат элементтерін қайта жеткізуді;</li> <li>7. Бастапқы және аударылатын тілдердің құрылымын;</li> <li>8. Кәсіби стандарттар және кәсіби әдепті.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық, мәдениетаралық және ұлтаралық толеранттылық, мәдениеттілік және әдеп алқалылық, аналитикалық ақыл құрылымы жоғары кәсібилік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

	4	Аудармашы (жазбаша)	
	5	Аудармашы (жазбаша)	
	6	Ауызша аудармашы	
	4	Синхрондық аудармашы	
	4	Ауызша аудармашы	
	6	Синхрондық аудармашы	
	5	Синхрондық аудармашы	
<b>12. Кәсіптің карточкасы «Аудармашы (жазбаша)»:</b>			
Топтың коды:	2643-2		
Қызмет атауының коды:	2643-2-001		
Кәсіптің атауы:	Аудармашы (жазбаша)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №222003 болып тіркелген). 7-параграф. Аудармашы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Аударма ісі (түрлері бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	II санатты аудармашы: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санатсыз аудармашы лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;		
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:	Аудармашылардың біліктілігін арттыру курстары		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2642-2-011 - Редактор-аудармашы 2643-2-002 - Техникалық әдебиет аудармашысы 2643-3-001 - Ресми аудармашы 2643-3-003 - Дипломатиялық аудармашы 2643-9-003 - Лингвист 2642-2-005 - Аудармалардың бақылау редакторы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тілралалық жазбаша аударманы жүзеге асыру		
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Арнайы кәсіби салаларда жазбаша аударманы жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Арнайы кәсіби салаларда жазбаша аударманы жүзеге асыру			

<p>Дағды 1: Ресми, іскерлік және техникалық құжаттардың жазбаша аудармасын жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ресми, іскерлік және техникалық құжаттар саласындағы мәтіндердің коммуникативтік бағыты мен жанрлық ерекшелігін түсіну;</li> <li>2. Іскерлік құжаттаманы аудару ерекшелігін (келісімшарттар, нұсқаулықтар, ерекшеліктер және құжаттаманың басқа да нысандары) меңгеру;</li> <li>3. Аударманың дәлдігі мен сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, процесті жеделдету үшін автоматтандырылған және автоматты аударма элементтерін қолдану;</li> <li>4. Аударылған мәтіндерді дұрыс жобалау және редакциялау, сондай-ақ қажет болған жағдайда сандар мен графикалық кескіндермен жұмыс істеу үшін заманауи компьютерлік бағдарламаларды қолдану;</li> <li>5. Мамандандырылған сөздіктер мен мәліметтер базасын қолдана отырып, терминдерді дәл аударуды жүзеге асыру;</li> <li>6. Тапсырыс берушінің талаптары мен заң нормаларын сақтай отырып, аударма мәтінін түпнұсқа тіл мен аударма тілінің ерекшелігін ескере отырып өңдеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, C1 немесе C2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Құжаттарды пішімдеудегі, өтініштердегі, презентация стиліндегі айырмашылықтарын;</li> <li>3. Түпнұсқа тілдегі пәндік саланың терминологиясы және оның аударма тіліндегі баламалы сәйкестігі жазбаша аударманы жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті көлемде;</li> <li>4. Аударма тіліндегі бастапқы тілдің лексикалық, оның ішінде терминологиялық бірліктеріне сөздік және аударма сәйкестіктерін іздеу және оқшаулау тәсілдерін;</li> <li>5. Аударма мәтінінің эквиваленттілігі мен сәйкестігіне қол жеткізу әдістері мен тәсілдерін;</li> <li>6. Автоматтандырылған және автоматты аударма әдістерін;</li> <li>7. Аударма тіліндегі жазбаша мәтінді ресімдеу ережесін;</li> <li>8. Қазақ (орыс) және шет тілдерінің грамматикасы мен стилистикасын;</li> <li>9. Аудармашының кәсіби этикасын.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылады</p>
<p>Дағды 2: Ғылыми және ғылыми-танымал мәтіндердің жазбаша аудармасын жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аударманың жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін ғылыми тұжырымдамалар мен терминологияны түсіну;</li> <li>2. Негізгі ғылыми терминдерді олардың контекстін зерттеу және мамандандырылған мәліметтер базасы мен сөздіктерді қолдану арқылы анықтау;</li> <li>3. Аударманың дәлдігін арттыруға мүмкіндік беретін нақты терминдер мен ғылыми ұғымдарды бөлектеуді қоса алғанда, аударма алдындағы талдау әдістерін меңгеру;</li> <li>4. Ғылыми фактілер мен идеяларды берудің барабарлығы мен дәлдігін бақылай отырып, автоматтандырылған аударма әдістерін қолдану;</li> <li>5. Ғылыми мәтіндердің жанрлық нормаларының дәлдігі мен сақталуын тексеруді қоса алғанда, аударманың өзін-өзі өңдеу және түзету дағдыларын меңгеру;</li> <li>6. Жаратылыстану, нақты, техникалық, гуманитарлық немесе әлеуметтік ғылымдар саласындағы терминологиямен аударманы жүзеге асыру.</li> </ol>

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заманауи тілдік үрдістер мен сандық лексиканы қоса алғанда, С1 немесе С2 деңгейіндегі қазақ (орыс) және шет тілдерін;</li> <li>2. Аударма техникасын;</li> <li>3. Аударма мәтінінің эквиваленттілігі мен сәйкестігіне жетудің техникасы мен әдістерін;</li> <li>4. Автоматтандырылған және автоматты аударма техникасын;</li> <li>5. Мәтінмен, сандармен және графикалық кескіндермен жұмыс істеуге арналған компьютерлік бағдарламаларын;</li> <li>6. Аударылатын тілде жазба мәтінді пішімдеу ережелерін;</li> <li>7. Мәтінді өңдеудің нормалары мен ережелерін;</li> <li>8. Аудармашының кәсіби этикасын.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
